



**Қазақстан Республикасы Үкіметі Аппаратының Республикалық мемлекеттік өндірістік-пайдалану бірлестігінің баспаханасы туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 1 қараша N 1327.  
Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2000.10.26. N 1597 қаулысымен. ~P001597

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Үкіметі Аппаратының Республикалық мемлекеттік өндірістік-пайдалану бірлестігіне Қазақстан Республикасы Президенті мен Министрлер Кабинеті Аппаратының Іс басқармасы өндірістік-пайдалану бірлестігі баспаханасының базасында еншілес кәсіпорын - Қазақстан Республикасы Үкіметі Аппаратының Республикалық

мемлекеттік өндірістік-пайдалану бірлестігінің баспаханасын құруға рұқсат етілсін.

2. Қазақстан Республикасы Үкіметі Аппаратының Республикалық мемлекеттік өндірістік-пайдалану бірлестігі жоғарыда аталған баспахана жарғысын белгіленген тәртіппен бекітсін.

Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің  
бірінші орынбасары